ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 26 маусым №7119-24-00-2/7324 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Д.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№53 «Мерей» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ALINUR» атынан Уринбеков Ерғали Талдибекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№53 «Мерей» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жеке кәсіпкер «ALINUR» атынан Уринбеков Ерғали Талдибекұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ALINUR» атынан Уринбеков Ерғали Талдибекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ALINUR» атынан Уринбеков Ерғали Талдибекұлынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «ALINUR» атынан Уринбеков Ерғали Талдибекұлынан мемлекет кірісіне 2 409 (екі мың төрт жүз тоғыз) теңге мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 26.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 05.08.2024

тұрақсыздық айыбы және 25 (жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Д.Нургалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 26.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 05.08.2024

7119-24-3-1/6651